


ЭЛЬБИРА ТЕМИРХАНҚЫЗЫ
ТЕБЕГЕНОВА



**МУХТАР ДУЗОВ –
МЕДЕНИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ**

МОНОГРАФИЯ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ЭЛЬВИРА ТЕМІРХАНҚЫЗЫ ТЕБЕГЕНОВА

МУХТАР ӘУЕЗОВ – МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫН
ЗЕРТТЕУШІ

МОНОГРАФИЯ

«Мерей» баспасы
Алматы 2018

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)
КБЖ 83.3 (5 Қаз)
Т 32

Пікір жазғандар:

Х.М.Әбжанов – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА-ның академигі.

А.І.Еспенбетов – филология ғылымдарының докторы,
профессор.

ISBN 978-601-7478-78-0

**Тебегенова Э.Т. Т32 Мұхтар Әуезов – мәдениет тарихын
зерттеуші: Монография. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2018.
– 204 бет.**

Қазақ және өлем халықтары мәдениетінің теориялық және тарихнамалық мәселелерінің зерттелуінде классик жазушы, ғұлама Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің еңбектері – рухани құндылықтар қатарындағы мәңгілік қазына. Монографиялық еңбекте М.О.Әуезовтің қазақ және өлемдік мәдениет құндылықтарына арналған мұрасы мәдениеттану және тарихнама-дерекнама тұтастығы заңдылықтарымен ғылым-танымдық тұрғыда жүйелене қарастырылған.

Монография жоғары оқу орындарының бакалавриат, магистратура, докторантура (PhD) мамандықтары бөлімдерінің білімгерлеріне және мәдениет құндылықтарын ұлықтаушы қалың жұртшылыққа арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)
КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7478-78-0

© Тебегенова Э.Т. 2018
© «Мерей» баспасы 2018

КІРІСПЕ

Қазақ Елі қазіргі кезеңде ғасырлар бойы қалыптасу, даму тарихының жаңа, жарқын белестеріне аяқ басты. Егемен мемлекет болудың тарихи қадамдарын жасай бастаған еліміздің бұрынғы жүрші өткен жолдарында халықтық қалыптасудың ең жоғары сатысы ұлттық сананың дамуы – табиғи жағдай. Ал, сол ұлттық сананың дамуында үнемі негізгі қозғаушы күштерді құрайтындар – мәдениет тарихының қайраткерлері. Қазақ халқының тарихындағы жекелеген қайраткерлердің қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметтері – қазіргі тәуелсіздікпен даму жолына түскен мемлекетіміздің тарихын жаңаша бағалау үшін аса қажетті мәселе.

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Қошбасшысы – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабындағы «Алаш мұрасы және осы заман» тарауында қазақтың ата-бабалық ұлттық рухын шығармашылық және қоғамдық-әлеуметтік қызметтерін тұтастандырған көрнекті ақыл-жазушылардың, ғалымдардың, қайраткерлік болмысына жоғары баға берді: «Төбреніс, толғанғыс, бұлыңғыр торығу және оларға қереғар романтикалық шабыт, үміт және сол сияқты сезім-түйсігі бүгінде зиялылар көңілінде лықсып арнадан асып тұр. Оның басым бөлігі тап болған мәселелерді бірден шешіп тастауға бой ұрмай, қазақ халқының жан-жүрегіне бойлап, мұның мұндап, жоғын жоқтағысы келеді.

...Міне, сондықтан да олар қазіргі тарихтың сыртқы дабылы мен қысымының тарт-түрс дүсірінде қазақ рухының қылдай нәзік күпия пернелерін үндестіріп, талап-тілектеріне байыпша барлай ойлап, құбылмалы әуен ырғағын тандай алады. **Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының мәдениетін қайталанбас көркем шығарма ретінде солар түсінеді**

...Шығармашылық тұлға ретінде мағыналық һәм көркемдік әлемді тел емген олар біздің ең жаңа тарихымыздың мәйегісіпеттес. Бұлар – тарих толқынындағы мәдениетіміздің кіндік тұлғалары. Олардың мәдениетіміз үшін мән-маңызына шек келтіруге әсте болмайды. Ондай есімдер оңдап саналады – **Шоқан мен Абай, Әуезов пен**